



# ПРИОЗЕРСКИЙ ВЕСТНИК

№ 22/666

29 мая 2020 года

31-мамыр Репрессия құрбандарын еске алу күні

1-маусым – Балаларды қорғау күні

## ЗҰЛМАТТЫ ЖЫЛДАР ЖАҢҒЫРЫҒЫ

31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні. Бұл күн 1997 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен бекітілді. Бұл күн қазақ баласы көкірегін қарс айырып, бір сәт күрсінетін күн. XX-ғасырдағы саяси қуғын-сүргін-мыңдаған жазықсыз жандардың қаны мен көз жасына жуылған тәуменді тарихтың шерлі беттерінің бірі.



Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні қазақ халқы үшін айрықша маңызға ие. Қанқұйлы жылдардың оқиғасын, оның жазықсыз құрбаны болған адамдардың есімдерін мәңгі ұмытпай, оларды арқашан есте сақтау, өткенге салауат етіп, ақтандар ақиқатына тереңірек мән беріп, ұғыну - бүгінгі ұрпақ парызы.

Жалпы, зерттеушілердің деректеріне сүйенсек, 1937-1939 жылдар аралығында қазақтың бас көтерер зиялысының көпшілігі қуғын-сүргін құрбанына айналды. Сол кездегі қатігез саясат нәтижесінде қуғын-сүргінге ұшырағандардың жақындары да жапа шекті. Осы кезең аралығында Кеңес Одағының құрамында болған Қазақстанда 103 мың адам қуғын-сүргінге ұшыраған және 25 мың адам ату жазасына кесілген. Сол жылдары қазақстандық ғылым, мәдениет және саясат саласының

зиялы қауым өкілдері атылған. Жалпы, 1930-1953 жылдар аралығында 40 миллионнан астам кеңес азаматтары репрессияға ұшыраған.

Қуғын-сүргіннің зобалаңын қазақтар ғана емес, Қазақстанға еріксіз, күшпен жер аударылып келген 1,5 миллион өзге этнос өкілдері де көрді. Қазақстан аумағында орналасқан лагерлерге корейлер, поляктар, Еділ немістері, Қырым татарлары, Кавказ халықтары және басқа да ұлт өкілдері қоныс аударған. Қазақ халқының жанапшырлығы мен көмегінің арқасында олар жан сақтап, аман қалды.

«Приозерск қалалық кітапханасы» КММ Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күнінің маңызын түсіндіріп, тарихтан тағлым алуға, өткенге тағзым етуге тәрбиелеу мақсатында «Зұлматты жылдар жаңғырығы» виртуалды кітап көрме, «Ақиқатқа айналған ата-баба арманы» бейнеролик, «Қуғын-сүргін құрбандары туралы не білесіз?» викторина онлайн түрінде әлеуметтік желілерге салынды, сонымен қатар кітапханада 25-28 мамыр аралығында «Ұмытылмас тағдырлар» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

«Приозерск қаласының №1 және №2 ЖОББМ» КММ –деонлайн тәртібінде «ZOOM» бағдарламасы арқылы сынып сағаттары өткізіліп, мектеп кітапханасында көрме ұйымдастырылды, фотоколлаж жасалынды, «Без права на забвение», «Жарлақтың адамдар тағдырына таңбасы», «Тарих пен тағдыр» деректі фильмдер көрсетілімі ұйымдастырылды.

Тарихымыздың осы ащы тағылымы оны Қазақстанның қазіргі ұрпағының жадына тоқып, зердесіне түйе білуімен құнды болмақ. Өткен ғасырдың қасіретті кезеңдерін енді ешқашан қайталамау үшін біз бұл жетістіктерді бағалай білуге тиіспіз.

**Приозерск қаласының «Ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ**

## БАЛАЛАР БАҚЫТЫ БІРІНШІ ОРЫНДА

Жыл сайын және үздіксіз «Балаларды қорғаудың халықаралық күні» туралы мақалалар мен ақпараттар «Приозерский вестник» қалалық газетінің беттерінен түскен емес. Биылғы 2020-жылы мұндай дәстүрлі шаралар болмайтындығы бүгінгі дүние жүзінде болып жатқан жұқпалы індеттің таралуына байланысты өтпей қалатыны айтпаса да түсінікті. Дегенмен біз – газет қызметкерлері бұл дәстүрімізден жаңылмақ емеспіз. Сондықтан балақандарымыз туралы бір ауыз жылы сөзімізді арнамай кету – бізге сын. Себебі балалар – бұл біздің болашағымыз. Бастаған ізгі істеріміздің жалғастырушысы, үкілеп ұшырған үміт-құсымыздың қанаты. Балалар – тыныштық символы. Балалар – мейірім тотемі. Осы себепті олардың бақытты болуы үшін ештеңе аямаймыз.

Әсіресе, 1- маусым – Балаларды қорғаудың халықаралық күнінде бұл қамқорлығымыз және де арта түседі. Міне, 71 жылдан бері маусымның алғашқы күнін көптеген мемлекеттерде Балаларды қорғаудың халықаралық күнімен бастайды. Бұл күн демалыс күніне сәйкес келмей қалса да нағыз мерекеге айналады. Демалыс орындары, кинозалдар мен театрлар балалармен толып кетеді. Барлық жақсы нәрселер тек, соларға ғана арналады. Көптеген бүлдіршіндер секілді біздің приозерскілік балақандардың да қуануға, шаттануға, алаңсыз ойнауға, өздерін бақытты сезінуге толық қақысы бар. Олардың жазғы демалысы басталып та кетті. Жылдағыдай еркін асыр салып ойнауына белгілі дәрежеде шектеу қойылу да заңды. Себебі, адамның, әсіресе балалардың қауіпсіздігі бірінші орында болуы тиіс. Аман қанша, бұл да бір Алладан келген сынақ шығар, әрбір қиындықтың немесе қайғының артында қайыры бар, жақсылығы, жарығы бар. Сондықтан абай болуды, сақтануды да ешқашан естен шығармаған жөн.

Қысқаша ғана сөзбен, бұл күн тарихына



тоқталып өтетін болсақ, 1949-жылы Парижде әйелдердің халықаралық демократиялық федерациясы болып өтеді. Бұл конгрессте балалар бақыты, әлем тыныштығы жайында неше қилы жалынды сөздер айтылады. Себебі екінші дүниежүзілік соғыстан соң балалар денсаулығы дүние жүзі бойынша алдыңғы мәселелердің бірі болатын. Соғыстан соң көптеген балалар қараусыз қалған болып, олардың көз жасы мен зары әлем жұртшылығы назарын еріксіз өзіне аударған еді. 1950- жылдан бастап – 1-маусым Балаларды қорғаудың халықаралық күні ретінде аталып өтіле бастады. 1989-жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы балалар құқықтары туралы Конвенция қабылдайды. Бұл құжатқа бүкіл әлем балаларын қорғау туралы заң мен жобалар енгізілді. Осы мерекені тойлаудың басты миссиясы – жұртшылық назарын проблемалы балаларға, олардың құқығын қорғауға, бақытты балалық шағын тыныш әлемде өткізуге және өз елінің толық және бейбіт азаматы ретінде өсуіне көз жеткізу болып саналады. Балаларды қорғайық, себебі бақытты балалық шаққа олар да лайықты!!!

Өзіміздің жасап жатқан Приозерск қаласының бүлдіршіндерін осынау атаулы мерекелерімен газетіміз тарапынан шын жүректен құттықтаймыз және мықты денсаулық, ұзақ өмір, мол бақыт тілейміз!

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ**

Қазақстанда саяси репрессия және қолдан жасалған ашаршылық құрбандарын еске алу күні деп Президенттің 1997-жылдың 5-сәуірдегі Жарлығынан соң белгіленіп, жыл сайын еліміздің барлық аймақтарында 31-мамырда еске алынады. Сол кезеңде халқымыздың басым бөлігі қасаң да қатаң мемлекеттік саясаттың құрбанына айналды. Миллиондаған совет азаматтары репрессияға ұшырап жатса, осыншама халық ашаршылықтан қырылды. Бұл нәубет әсіресе қазақ еліне айрықша әсер етті. Біздің ата-бабаларымыз өмір сүрген Тауелібай өңірінде аса бір саяси қудалау болмаса да, ашаршылықтың азабын тартқан, ауру-сырқаудан қырылғандары жөнінде ауызша және тарихи деректерден оқып, естіп өстік. Ол заманда бұл туралы ауыз ашудың өзі қауіпті болатын. Осы орайда ел аузында қалған, аңызға бергісіз оқиғаны Сындарбектің баласы Мурадәлі мен келіні Гүлбарханды және дербес журналист Нұрғалидің айтуымен, олардың аталарының көрген азабын баяндамақпын...

Оқиға жиырмасыншы ғасырдың отыншы жылдарында болған. Сындарбек ағамыздың әкесі Ахан мен анасы Шыныгүлдің ол кезде бір ұл, бір қызы болған. Бұл уақта елдің барлық жерін ашаршылық жайлап, жұқпалы дерт мендеп жатқан кез екен. Қолда барды қанша үнемдесе де тауысып, жолға алып шығар талғажауды қоржындарына салған Ахан ағай амалдап елге қосылуды ойлайды. Сөйтіп жасы үштердегі

## АЖАЛДАН ҚҰТҚАРҒАН ҚОС КИІК

Сындарбектің әкесі, алты айлық Паршагүлді анасы көтеріп, тәуекел деп сапарға жиналады. Молданың алдынан дәріс алған, діни сауаты бар Ахан ағай Жаратқан иеге жалбарынып, құранын оқып, Алладан медет, Пайғамбардан шапағат тілеп жолға шығады. Ауыл арасы алыс – бірнеше күндік жол болса



керек. Суды көтергендерінше алып келе жатады. Аз жүрді ме, көп жүрді ме, бұлардың қоржындағы талғажау қылатын азықтары түгесіліп, ішетін сулары да азаяды. Сырттан келер көмектің жоғы онсыз да белгілі. Аш ананың төсінен сүт шықпай, шақалақ қыз шырқырап жылайды. Талықсып, ұйқтап та кетеді. Үлкен бір төбенің басына шығып, екі мұңлық балаларын қастарына ала қалжырап

құлапты. Әсіресе Шыныгүл әжеміздің әл-дәрмені қалмаған екен. Кеспе-кеспе құмдардан басқа түк көрінбейтін далада жанарлары талғанша алыстарға қарайды үмітпен. Қанша үміттенсе де, қайран болмасын ұққан Ахан ата зайыбына:

–Бұлай жүретін болсақ, бәріміз де өлеміз, сүйегіміз далада көмусіз қалады. Ізімізді жалғайтын баланы алып, қызды осында қалдырайық. Сен ол қызды көтермек түгілі, қара басыңды алып жүрсең, қане. Көзім қарауытып, мен де қай жерге келгенімді бағамдай алмайтын халдемің. Әлі қанша жүремізді бір құдай білсін, қане, осылай істейік, бір Алла жар болсын, – деп ағамыз орнынан тұрғанда, «іштен шыққан шұбар жылан» кимаған ана іштей өксіген екен. Енді қайтсін, бұны алып жүрер болса шынымен де халдері ауыр. Ұл баладан да айрылып қалуы ғажап емес?! Аш адам шөлдегіш те келеді, су да саркылып барады...

Құндақтағы сәбиді бір сексеуілдің қалың көлеңкесіне жатқызып, қолдарындағы ыдыстан бір жұтымнан су ұрттасып, төбеден төмен жылжыпты. Келесі төбеден асқанда адам таң қалар ғажапқа тап болады. Киіктің екі текесінің мүйіздері ілінісіп, құлап жатыр екен. Елес емес пе деп көзін уқалап қайта-қайта қарайды ағамыз. Оны әжеміз де

көріп, таңырқай қарап қалыпты. «Өлмегенге өлі балық жолғады» демекші, бұл шынымен де екі теке еді. Ахан ата жалма-жан қасына барып қараса, екеуі де әлі тірі екен. Дерек бәкісін алып, бауыздап жіберген екеуін де. Сосын барып әйеліне иек қағады да, өзі киіктердің тамағынан аққан қанға аузын салған екен. Онсыз да тағаты таусылып тұрған бейбақ ана кейін қарай құйын-перен жүгіре жөнелген...

Құдайдың құдіретімен тап болған олжаны сол жерде отқа тұзсыз қақтап жеп, қалғанын көтергендерінше арқаланып, аман-есен елге қосылыпты. Былай қарасаңыз, негізінде болған шындық. Алланың пендесіне жіберген ризық-несібісі. Кішкентай періштенің ажалының жоғы. Әлде Ахан атаның да дұғаларының шарапаты. Сол Паршагүл апамыздан қаншама ұрпақ өрбіді. Апаньң Парахат, Шарапат деген ұлдары болған. Бәлкім оларды ырымдап қойған да шығар, кім білсін?! Кейін Ахан ағамыз сол төңірекке молдалығымен танылды. Баласы Сындарбекті де діни сауаттандырып, ол кісі кеңестік кезеңде, ат беліне мініп ел басқарды. Тәуелсіздік алған тұста Сәкен де ауылдың айтулы молдаларының бірі болды. Ол кісінің жақсы бір қасиеті және дін жолын дұрыс ұстануы – оқыған қатым сағыры үшін ешкімнен, ешқашан ақы алмайтын. Қоймай тықпалап берген күнде де ақшасын жетім-жесір, ғарып-ғасірлердің үйіне беріп жібереді екен. Ал, Сындарбек ағамыз бен Ұлме-

(соңы 3 бет.)



## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ ҚАШЫҚТЫҚТАН ЖҰМЫС ІСТЕУІ

Ағымдағы жылдың наурыз айында Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымымен коронавирус дертіне байланысты пандемия жарияланған болатын.

Осыған орай, вирустың таралуының алдын алу мақсатында біздің елімізде де Төтенше жағдай орнатылып, аумақтарда карантин режимі енгізілгені белгілі.

Қазіргі уақытта төтенше жағдай аяқталса да, еліміздің жекелеген облыстарында, оның ішінде Қарағанды облысында да карантин режимі жалғасуда.

Әрине орын алған жағдай мемлекеттік қызмет жүйесіне де елеулі өзгерістер енгізді.

Соның бірі көптеген мемлекеттік қызметшілер қашықтықтан жұмыс жасауға ауыстырылды.

Бұл ретте атап өту қажет қашықтықтан жұмыс жасау мемлекеттік органдардың функцияларының жүзеге асырылуына айтарлықтай кедергі келтірген жоқ.

Мысалы, Мемлекеттік қызмет істері департаменті қызметінің бір бағыты Әдеп жөніндегі кеңес қызметін үйлестіру.

Әдеп жөніндегі кеңес мемлекеттік қызметшілердің тәртібін нығайтуға бағытталған міндеттерді жүзеге асырады. Оның ішінде, заңбұзушылыққа жол берген мемлекеттік қызметшілерге қатысты тәртіптік істерді, әдеп нормалары және сыбайлас жемқорлық бұзушылықтарының алдын алуға бағытталған сұрақтарды қарайды.

Өз кезегінде, карантин жағдайында

Әдеп жөніндегі кеңестің 2 отырысы арнайы бағдарламалардың (Zoom, Webex) көмегімен «online» режимде өткізіліп, онда 5 сұрақ қаралды, оның 2-уі мемлекеттік



қызметшілерге қатысты тәртіптік істер.

Бірінші тәртіптік іс мемлекеттік қызметші тәртібінен жалпыға қабылданған әдеп нормаларын бұзумен байланысты болса, екіншісі карантин режимі кезінде мемлекеттік қызметші тарапынан қоғамдық тәртіпті және жеке тұлғалардың тыныштығын бұзумен байланысты ұсақ бұзақылық жасағаны үшін қозғалған.

Атап өту қажет, Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қояды.

Осыған орай, мемлекеттік қызметшілер

жұмыс уақыты барысында және жұмыстан тыс уақытта да жалпыға қабылданған моральдық-әдептілік нормаларды сақтауы тиіс.

Жалпы мемлекеттік қызметшілердің қашықтықтан жұмыс жасап жатқандығына қарамастан көрсетілген тәртіптік істер бойынша материалдар толықтай жинақталды. Алғашқы рет, қызметтік тексерістер де қашықтықтан жүргізілді.

Әдеп жөніндегі кеңес шешіміне сәйкес екі лауазымды тұлға да тәртіптік жазаға тартылды.

Сонымен қатар, карантин режимі енгізілген уақыттан бастап өтініштер де ағымдағы заңнама талаптарына сай



қаралуда.

Егер мемлекеттік қызметшілерді қашықтықтан жұмысқа ауыстырғанға дейін тексерісті қажет ететін өтініштер мемлекеттік органдарға бару арқылы қаралған болса, қазіргі уақытта мұндай өтініштер ақпарат сұратып алу жолымен қаралып

### Қоғамдағы өзгерістерге бейімделу

жатыр. Сондай-ақ, лауазымды тұлғалардың түсініктемелері арнайы бағдарламалардың көмегімен онлайн байланысқа түсу арқылы алынууда.

Жоғарыда көрсетілгендей, мемлекеттік қызметшілерді қашықтықтан жұмысқа ауысқанына қарамастан Департамент жұмысы толыққанды жүзеге асырылып жатыр.

Жалпы қашықтықтан жұмыс жасау қазіргі жағдайда бірінші кезекте мемлекеттік қызметшілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етсе, сонымен қатар қағаз түріндегі құжатталымының жойылуына, мемлекеттік қызметшілердің уақытын тиімді пайдаланып, өзін-өзін дамытуға және отбасына көбірек көңіл беруге мүмкіндік берді.

Бұл ретте, карантин режимі аяқталғаннан кейін мемлекеттік қызметшілердің жұмыстарын ұйымдастыруды жетілдіру бойынша тиісті өзгерістер енгізу мәселесі де туындауы әбден ықтимал.

Олай болса, заманауи мемлекеттік қызметші кез келген жағдайда өзінің қызметін ұйымдастырып, халықтың мүддесін қорғауды басты мақсаты ретінде айқындап, әртүрлі өзгерістерге бейімделе алатын қызметші болуы керек.

**А. Шахмерденов,**  
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының басшысы

### Индикатор этичности

Стандарты поведения государственных служащих заложены еще в 2005 году, с принятием Кодекса чести, и предполагают выражение доверия к госслужащим со стороны общества и государства и предъявляющие высокие требования к их морально-этическому облику.

Далее в рамках реализации Плана нации «100 конкретных шагов» в конце 2015 года принят новый Закон «О государственной службе Республики Казахстан», и Указом Президента РК от 29 декабря 2015 года утверждены новый Этический кодекс государственных служащих и Положение об уполномоченном по этике.

В вышеуказанных документах большое внимание уделяется вопросам этики и поведения государственного служащего. Особое внимание нацелено на формирование имиджа госслужащего, повышение его личного профессионального уровня и морально-нравственных качеств.

Контроль соблюдения всех этих норм, наряду с уполномоченным органом по делам государственной службы, возложен и на уполномоченного по этике.

Самостоятельная должность уполномоченных по этике введена в министерствах и иных центральных государственных органах, а также в местных исполнительных органах областей, городов республиканского значения, столицы.

Функции уполномоченного по этике также осуществляются в местных исполнительных органах городов и районов и в территориальных подразделениях центральных государственных органов путем возложения функции на государственных служащих, снижавших уважение в коллективе.

Уполномоченный по этике – это госслужащий, осуществляющий деятельность по обеспечению соблюдения норм служебной этики и профилактики нарушений законодательства о государственной службе, противодействию коррупции и Этического кодекса.



Также уполномоченный по этике на постоянной основе проводит разъяснительную работу, анализирует различные правонарушения, имевшие место в прохождении государственной службы, и принимает меры по их предупреждению и пресечению.

Более того, одним из направлений уполномоченных по этике является мониторинг и контроль за соблюдением Этического кодекса госслужащими, что осуществляется, в том числе путем изучения материалов, опубликованных в средствах массовой информации. При этом учитываются

исполнение таких требований, как уважительное отношение к государственному и другим языкам Казахстана, этическое поведение госслужащего. В противном случае, при несоблюдении этих норм, госслужащий привлекается к дисциплинарной ответственности.

В целях реализации поставленных задач, Департаментом проведен мониторинг деятельности уполномоченных по этике Карагандинской области за 2019 год.

За указанный период уполномоченными по этике Карагандинской области проведено порядка 1000 различных мероприятий по разъяснению действующего законодательства, в том числе размещено 143 публикаций в СМИ, 280 на интернет-ресурсах, 54 видеосюжета на ТВ и материалов на радио, проведены 522 лекции и семинаров. Организовано 107 выездных

семинаров в сельские населенные пункты.

Также проведен социальный опрос государственных служащих акимата области и его структурных подразделений, который показал, что в основном в коллективе вежливые и корректные отношения среди коллег (90,6%), отмечены объективность непосредственных руководителей (85,5%), их стремление к созданию в коллективе исключительно деловых отношений (85,3%), и наличие доверия к ним. В то же время наблюдались случаи необоснованных обвинений, некорректного поведения, использования ненормативной лексики со стороны непосредственного руководителя у 3,4% опрошенных государственных служащих местных исполнительных органов.

Таким образом, анализ работы уполномоченных по этике в целом показал, что данная работа ведется в соответствии с поставленными задачами.

В заключение хотелось бы отметить, что индикатор этичности государственных служащих напрямую влияет на реализацию задачи в создании профессиональной государственной службы.

Поэтому государственным служащим следует быть этичным, честным, справедливым, законопослушным, а также добросовестным, беспристрастным и исполнительным.

**Умуркулов М.М.,**  
главный специалист Управления контроля в сфере государственной службы Департамента Агентства по делам государственной службы по Карагандинской области

## ЛАТЫН ӘЛІПБИНЕ КӨШУ - ТІЛІМІЗ ҮШІН ЖАСАЛҒАН МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

Алдағы уақытта латын әліпбиі іс жүргізудің басым бір бөлігінің маңызды қажеттілігі болып табылады. Осы сәтке дейін тілдік ортамыздың, қазақ жазуының қалыптасуы үшін қоғам қайраткерлерінің де көптеген үлес қосып жүргендігі де мәлім. Сонау заманнан бері қазақ халқының әйгілі тұлғалары, жазушы ғалымдары араб немесе славян графикасын қолданып келді. Ал енді заман талабына байланысты, бүгінгі жастар ағылшын тілін пайдаланумен қатар латын әліпбиін де қоса меңгеруі – уақыт талабы.

Осы орайда елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Латын әліпбиіне көшу – қазақ тілін дамыту мен жаңғыртуға ішкі қажеттілік деген» сөзі еске түседі.

Шынында да еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін өз әліпбиіміздің болуы біз үшін тиімді. Дегенмен әлі күнге дейін өз әліпбиімізді қолданысқа енгізу екі жақты тартыс пен талас тудырып келген мәселе болып отыр. Әрине бір жазудан екіншісіне көшу деген көпшіліктің санасына қиындық туғызуы мүмкін. Сондықтан да тіл жана-

шырлары әр тілдің дыбыстық қорын анықтап, содан соң әр дыбысты әріптермен таңбалау қажет деп танып отыр. Қорыта келе айтатын болсақ Латын әліпбиіне көшу бізге, ана тіліміздегі жат дыбыстарды таңбалайтын әріптерді қысқартып, ана тіліміздің табиғи қалпын сақтауға мүмкіндік береді. Еліміздің жаңа технологиялар арқылы халқаралық дәрежеге жетуіне жол ашады. Тәуелсіз еліміздің жастарының болашағының жарқын да рухани саналы болуына септігін тигізетін бірден бір әліпби

### Бүгінгі күннің талабы



– жаңа әліпби болады деп ойлаймыз.

**Г. Жұмабаева,**  
«Ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ әдіскері

## ҰЛЫТАУ- АЛТЫН ОРДА БЕСІГІ

Биыл Алтын Орданың құрылғанына 750 жыл толып отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы датаны мерекелеу аясында Ұлытауды халық-аралық деңгейдегі этнографиялық туризм орталығы ретінде насихаттап, Жошы ханның есімін ұлықтауды қолға алу қажеттігін айтқан еді. Алтын Орда – Жошы ұлысының орнына құрылған алғашқы мемлекеттердің бірі. Жошы ханның баласы Бату ханның кезінде Орда Алтай тауынан Дунай өзеніне дейінгі ұлан-ғайыр жерді алып жатқан үлкен мемлекеттің орталығы алғашында Еділ бойындағы Сарай-Батуда болса, кейін Сарай-Беркеге көшірілген. 1227-1502 жылдар аралығында, үш жүз жылға жуық салтанат құрған сәулетті-сәуелі қағанат тарих көшінде Қазақ хандығының билігіне ұласа отырып, табиғи-тарихи тұрғыда мұрагерлік құқы-ғын иемденген.

Жошының ұлдары Бату хан негізін қалап, Берке хан іргесін бекіткен Алтын Орда Мәнке Темірдің билігі тұсында 1269 жылы Талас өзенінің бойында шақырылған Шыңғыс ұрпақтарының құрылтайында бір-бірімен татулықты сақтай отырып, өз ұлыстарында тәуелсіз саясат жүргізуге өзара мәміле жасасып, өз алдына дербес империя екенін толық мойындатуға қол жеткізді. 1269 жылы Талас құрылтайы нәтижелері бойынша Алтын Орда толық тәуелсіздігін алды және биыл осы Орданың құрылғанына 750 жыл толады.

Осы мерекеге орай «Приозерск қалалық кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде өскелең ұрпаққа елінің, туған жерінің тарихын құрметтеу, тарихи сана қалыптастыру, ата-бабалар жолынан үлгі өнеге алу, отансүйгіштікке және өз елінің патриоты болуға тәрбиелеу мақса-



тында «Ұлы дала өркениеті», «Ұлытау-Алтын Орда бесігі» атты тақырыптарда викторина мен виртуалды кітап көрмелері ұйымдастырылып, әлеуметтік желілерге салынды, сонымен қатар кітапханада «Алтын Ордаға - 750жыл» атты тұрақты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

«Приозерск қалалық кітапханасы» КММ

### Ғасыр дертімен күрес

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ІС-ШАРАЛАРЫ

«Приозерск қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінде және білім беру ұйымдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар бойынша атқарылатын шаралар жоспары жасалып, 2020 жылы 14 қаңтарда бекітілді.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарастыру тәртібі туралы және басқа да заңнамаларының бұзылуын болдырмау, «сенім телефондарының» жұмысын тұрақты ұйымдастыру болып табылады.

Сонымен қатар білім саласындағы сыбайлас жемқорлықпен күрес білім беру ұйымдары басшыларының өзінің қызметтік бабын асыра қолдануы, бөлінген бюджет қаражатын мақсатсыз пайдалануы, мектепте түрлі себептермен оқушылардан, ата-аналардан, мұғалімдерден ақша жинауы, тендер-конкурстарға құжаттары толығымен сай келмейтін мердігерлердің қатысуына жол беруі тағы сол сияқты жасалатын заңсыз іс-әрекеттердің барлығы жатады.

Ағымдағы жылда қаладағы білім беру мекемелерінде «Адалдық дүкендері», «Адалдықты мұра еткен Ұлы Абай» «Адалдық сағаттары» атты іс-шаралары өткізілді. Бүгінгі күнге қаламызда білім беру

саласында сыбайлас жемқорлыққа бойынша фактілер анықталған жоқ. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша мемлекеттік органдар өкілдерімен білім мекемелерінде конференциялар, «тікелей желі» жүргізу тәжірибесі жалғастырылуда. Оған бөлімнің әдіскерлері, мамандары және білім беру мекемелерінің басшылары қатысады. Мектептегі ұстаздар мен ата-аналардан бағалы сыйлықтар алмау, сыбайлас жемқорлықтың салдарын болдырмау туралы әңгімелер жүргізілді. Барлық білім беру ұйымдарының басшылары сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тақырыбында өтетін семинар, оқытуларға қатысып отырады. Білім мекемелерінде орын алған жемқорлық бойынша заңбұзушылықтар туралы ақпаратты жасырын түрде хабарлауға арналған сенім телефоны қондырылған. Сенім телефондарының нөмірі білім беру ұйымдарының веб сайттарында, хабарландыру тақталарында жарияланған. Әр мекемеде сенім телефондарына жауапты тұлғалар бекітілген. Қазіргі уақытқа дейін сенім телефоны арқылы шағымдар түскен жоқ.

Приозерск қаласының білім бөлімі» ММ

### 31-мамыр Репрессия құрбандарын еске алу күні

(соңы басы I бет.)

кен әкемізден барлығы 21 бала дүниеге келіп, соның 14-і тірі қалған. 3 рет егіздер туып, оның бірнешеуі шетінеген. Өмір сүргендері – Нысаналы, Айжан, Күләш, Гүлбира, Мұрадәлі мен Патима (егіздер), Әзиза, Махмұт, Нағымет, Ұрлай, Рахмет, Айжамал, Жанымкүл және Шаяхметтерден тараған ұрпақ бүгінде бір қауым елге,

## АЖАЛДАН ҚҰТҚАРҒАН ҚОС КИІК

ескіше айтқанда бір рулы елге айналды. Қызыл қандатып келген кеңестік жүйенің салған зұлматының бір ғана көрінісі бұл. Қаншама саналы, жүрегі, сезімі бар десек те, шын ашыққанда сол кездегі адамдар бірін-бірі жегенін, тіпті балаларын азық қылғанын үлкендерден естідік. Бұл адам қолымен жасалған нәубеттің қап-қара таңбасын қанша ысқылап, жусаң да тарих беттерінен ешкім өшіре алмайды. Ал, артта қалған біздердің міндетіміз жазықсыз

## МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР-ҰЛТТЫҚ МАҚТАНЫШЫМЫЗ

Мемлекеттік рәміздер – мемлекеттің тәуелсіздігін білдіретін нышан.

Рәміздер күні Тұңғыш Президентіміздің жарлығымен 1992-жылдың 4-маусымынан бастап, мемлекеттік мереке ретінде атап өтіліп келеді. Мемлекеттік рәміздер – ел дамуының ажырамас бөлігі. Сондықтан қазақстандықтардың осы рәміздерге деген құрметі, оларды бойтұмардай қастерлеуі ерекше сезіліп тұруы тиіс.

Рәміздер арқылы елімізді бүкіл әлем таниды. Өйткені онда қазақ халқының бастан өткізген тарихы, мәдениеті мен дәстүрі көрініс береді. Мемлекеттік тудың сипаттамасы: Бірінғай көк-көгілдір түс төбедегі бұлтсыз ашық аспанның биік күмбезін елестетеді және Қазақстан халқының бірлік, ынтымақ жолына адалдығын аңғартады.

Бұлтсыз көк аспан барлық халықтарда әрқашан да бейбітшіліктің, тыныштық пен жақсылықтың нышаны болған. Ежелгі түркі тілінде «көк» сөзі аспан деген ұғымды білдіреді. Нұрға малынған алтын күн тыныштық пен байлықтың белгісі болса, қанатын жайған қыран құс-қазақ халқының жан дүниесінің кендігін, еркіндік сүйгіштігімен асқақ рухын пащ етеді.

Мемлекеттік рәміздерді қадірлеу еліміздегі азаматтардың мемлекет тәуелсіздігін құрметтеуді нығайтып, жасөспірімдердің отансүйгіштік сезімін қалыптастырады.

Осы мерекеге орай «Приозерск қалалық кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде ҚР Мемлекеттік рәміздерін насихаттап, жастардың отансүйгіштік сезімі мен патриоттық рухын ояту мақсатында «Мемлекеттік рәміздер-еліміздің нышаны», «Мемлекеттік рәміздер-ұлттық мақтанышымыз» атты тақырыптарда викторина мен бейнеролик

ұйымдастырылып, әлеуметтік желілерге салынды, сонымен қатар кітапханада «Мақтанышым - мемлекеттік рәміздер» атты тұрақты кітап көрмесі ұйымдастырылды.



Әрбір азамат Қазақстанның Туын, Елтаңбасын, Өнұранын тұмардай қасиет тұтуы қажет. Өйткені рәміздер елдің өзіндік өмір салтын, болмыс-бітім ерекшелігін, өзгелермен байланыс орнату мұратын білдіретін айрықша белгі болып табылады.

«Приозерск қалалық кітапханасы» КММ

### Қауіпсіздік айлығы

## ЖОЛ КӨЛІК Оқиғаларының АЛДЫН АЛУ

Приозерск гарнизонының әскери полиция бөлімінің әскери автомобиль полиция бөлімшесінің әскери қызметшілері мен Приозерск қаласының ПМ жол патрульдік полициясының қызметкерлерімен бірлесіп әскери қызметшілердің қатысуымен жол көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында «Көліктің жазғы дайындығы – апатсыз пайдаланудың кепілі!» жол жүру қауіпсіздігі айлығы аясында ағымдағы жылдың 15 – 28 мамыр аралығында Приозерск гарнизонының әскери бөлімдері мен мекемелердің жеке меншік автокөлік иелерімен өрт қауіпсіздігінің алдын алу, өрт сөндіргіш пен қолдану белгіленген қозғалыс жылдамдығын асыру қарсы қозғалыс жолына шығу мен озу ережесін бұзу, алкогольді мас күйде көлік құралын басқару, яғни жол көлік оқиғаларына себеп болып табылатын бұзушылықтарға назар аударылып сұхбат өткізілді. Сонымен қатар, жүргізуші куәліктері, медициналық кобдишамен, авариялық тоқтау белгісімен, өрт сөндіргішпен жабдықталғандығы тексері-



ліп көлік құралдарының техникалық регламенті жайлы кеңестер жүргізілді.

Б. Сайлов,  
Приозерск гарнизоны  
Әскери полиция бөлімі  
Әскери автомобиль полиция  
бөлімшесінің Гарнизондық ұсталған  
машина жиын пунктінің бастығы  
кіші сержант

тастап кетуге мәжбүр болды. Дұрысы, ондағы медресенің теріс бағытқа түскенін байқаған атасы Сындарбек ақсақалдың өзі шығарып алды. Жаратқан ие жазықсыз құрбандардың жатқан жерлерін жайлы, топырақтарын торқа ете көрсін!

Жолмұрат КЕҢЕСОВ,  
«Приозерск қаласының мемлекеттік архиві» КММ-нің басшысы



Ұлттық ақпараттық науқан

Арамшөппен күрес

**БАЛА ЕҢБЕГІН ПАЙДАЛАНУҒА ЖОЛ ЖОҚ!**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жазғы демалыс қарсаңында елімізде 1-12 маусым аралығында «Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн» Ұлттық ақпараттық науқаны өткізілетінін хабарлайды.

Науқанды өткізудің негізгі мақсаты қоғамның назарын, соның ішінде ересектерді, балаларды және олардың ата-аналарын балалар еңбегінің ең нашар түрлерін қолданудың алдын алу мәселелеріне аудару, сондай-ақ осы саладағы құқықтық ақпараттандыру болып табылады. Аталған акция «Бала еңбегін пайдалануға жол жоқ!» ұранымен өтеді.



«Приозерск қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі

**Құрметті Приозерск қаласының тұрғындары!**  
«Приозерск қалалық мәслихаты» мемлекеттік мекемесі  
**Приозерск қалалық мәслихатының 2016 жылғы 11 мамырдағы № 2/19 Приозерск қаласының жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы» шешімінің күші жойылды деп танылғанын хабарлайды.**

Шешімнің жобасынмен <http://maslikhat-priozersk.gov.kz> веб-сайтынан оқуға болады.

**Уважаемые жители города Приозерск!**

ГУ «Приозерский городской маслихат» уведомляет о признании утратившим силу решения Приозерского городского маслихата от 11 мая 2016 года № 2/19 «О дополнительном регламентировании порядка проведения собраний, митингов, шествий, пикетов и демонстраций города Приозерск»  
Проект решения можно посмотреть на сайте <http://maslikhat-priozersk.gov.kz>.

**Құрметті Приозерск қаласының тұрғындары!**

«Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ

Приозерск қалалық мәслихатының «Приозерск қаласы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы» шешімінің жобасы жарияланғаны туралы хабарлайды.

Шешімнің жобасын

<http://zherarh-priozersk.gov.kz> сайтынан көре аласыз.

**Уважаемые жители города Приозерск!**

ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства» уведомляет об издании проекта  
Решение Приозерского маслихата «О повышении базовых ставок земельного налога и ставок единого земельного налога на не используемые земли сельскохозяйственного назначения по городу Приозерск».  
Проект решения можно посмотреть на сайте: <http://zherarh-priozersk.gov.kz>.

\*\*\*

**Құрметті Приозерск қаласының тұрғындары!**

«Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ

Приозерск қалалық мәслихатының «Салық салу мақсаттары үшін Приозерск қаласының аумағын аймақтандыру схемасын бекіту туралы» шешімінің жобасы жарияланғаны туралы хабарлайды.

Шешімнің жобасын

<http://zherarh-priozersk.gov.kz> сайтынан көре аласыз

**Уважаемые жители города Приозерск!**

ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства» уведомляет об издании проекта  
Решение приозерского маслихата «Об утверждении схемы зонирования территории города Приозерск для целей налогообложения»  
Проект решения можно посмотреть на сайте <http://zherarh-priozersk.gov.kz>

**АРАМСОЯУ**

Арамшөптер - адамдардың қатысуынсыз мәдени дақылдармен бірге өсуге бейімделген ерекше өсімдіктер. Мәдени дақылдарды өсіру үшін адамдар қолданған агротехникалық жүйе арамшөптер үшін де қолайлы. Арамшөптер топырақтан керекті қоректік заттар мен ылғалды бойына сіңіреді. Сондықтан, жер өңдеу, егін жинауды ауырлатып, дақылдың сапасын төмендетеді. Солардың ішінде Қазақстан аумағында карантиндік арамшөп болып табылатын – арамсоюлар.

**АРАМСОЯУ** (лат. *Cuscuta*) – шыр-мауықтар тұқымдасы, арамсоюлар тұқымдасына жататын бір не екі жылдық шөпте-сін өсімдіктер туысы. Хлорофилі жоқ, паразитті түрде тіршілік етеді. Жер шарында тропиктік аймақтардан қоңыржай белдеу-лерге дейінгі жерлерде өсетін 170-тен аса түрі белгілі.

Арамсою Қазақстанның барлық облыс-тарында кездеседі. Арамсоюдың 19 түрі бар. Оның ішінде көп тарағандары – Қаратау арамсоюы (*C. Karatavica*), дала арамсоюы (*C. campestris*). Бұлардың сабақтары өте жіңішке жіп тәрізді болады, басқа өсім-діктерге шырмалып өседі. Жапырақ-тары семіп, тек қабыршақ күйінде жетіледі. Ұсақ болып келген, ақ не қызғылт, кейде қызыл не сары гүлдері шатырша немесе ша-шақ гүлшоғырына топталған. Маусым – шіл-де айларында гүлдеп, тамызда жеміс береді. Жемісі қауашақ тәрізді. Бір өсімдікте он мыңдаған майда тұқым жетіледі. Тұқымынан пайда болған өскіннің тамыры топыраққа бекиді. Ону қасиеті бірнеше жыл сақталады. Арамсою – өте зиянды арамшөп. Ол зақым-

даған дақыл, көбінесе тіршілігін жояды. Арамсою өскенде тұ-қымдағы қоректі зат-тарды пайдаланып 10-13см. биіктікке көте-рілгеннен кейін топы-рақпен байланысын жояды. Осы кезде оның сабақтары шыр-көбелек айналып, қа-сында басқа шөптер болса, соған жабысып бүршік тамыршықта-ры арқылы қоректі заттарды сорып алып, өсіп – дами береді.



Арамсоюдың улылығы гүлдеген, тұқым пайда болған кезде күшейеді. Осы кезде арамсоюда алколоид-кускутин және глю-козид, конвольбулин көптеп жинақталады. Арамсою араласқан мал азығы шірі бастай-ды, өзінің бағалы нәрлілігін жоғалтады. Сонымен қатар, жануарларды ауруға шал-дықтырады. Егістікті арамсоюдан арылту үшін агротехникалық шаралардың жиынты-ғын қолдану керек, яғни ауыспалы егісті дұ-рыс қолдану, дақыл алмасу, жерді уақытын-да сапалы өңдеу, тұқым себу мерзімінде дақылды күтіп баптау, тиімді гербицид беру қажет.

**«ҚР АШМ АӨК МИК**  
Приозерск қалалық аумақтық инспекциясы» ММ  
Бас маман-өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы

**ХАБАРЛАНДЫРУ \*\*\* ОБЪЯВЛЕНИЯ**

**Уважаемые жители города Приозерск!**

Приглашаем вас посетить наш бутик «Золушка», расположенный на центральном городском рынке.  
Вашему вниманию рекомендуем высококачественную косметику производства Южная Корея, средства ухода за кожей лица и тела, витаминные комплексы, бальзамы корпорации «Сибрское здоровье».  
Принимаются заказы на доставку продукции по каталогу.

Также, наш бутик является точкой бесплатного распространения местной газеты «Приозерский вестник».  
Контактный телефон: 8-777-103-8589

**Zolushka**  
№1 бутик  
Чистящие и моющие средства  
НОВИНКИ  
Корейская продукция

**ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»**

Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру.  
Ждем Вас по адресу: ул. Космонавтов, 5-107  
Время работы: с 10.00 час. до 19.00 час.  
Выходной - Понедельник

Занесъ по телефону:  
мастера-парикмахеры:  
8-775-274-25-87 (Анталей),  
8-747-970-25-81 (Карлыгаш).  
На маникюр:  
8-708-235-35-19 (Анастасия)

Парикмахерская  
**Милолика**  
Ваша красота - наша работа!  
СТРИЖКИ - УКЛАДКИ  
МАНИКЮР (АКРИЛ, ГЕЛЬ)  
ПЕДИКЮР

**НЕДВИЖИМОСТЬ ПРОДАЮ ДОМ**

Цена – 9 000 000 тенге. Возможен торг.  
г. Караганда, (город, пр. Кольцевой), 3 комн. - 120 м2.  
Ванна, центральная канализация, отопление на твердом топливе.  
Огород 6 сот., сарай, гараж, хоз.постройки.  
Тел.: 87070343737,  
(87212)44-30-35

**Собственник: ИП Струментов А.В.**

Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.  
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5, 106-107  
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)

Е-mail: [prz\\_westnik@mail.ru](mailto:prz_westnik@mail.ru) Веб-сайт: [www.prz\\_westnik.kz](http://www.prz_westnik.kz)  
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15, Заказ № 22/666. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.

Технический редактор: Струментов А.В.  
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63  
Корреспонденция принимается на электронный адрес: [prz\\_westnik@mail.ru](mailto:prz_westnik@mail.ru)

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г. Приозерске и г. Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.  
Подписной индекс - 65041